

19. Muzichuk O.O. *Kazka yak zasib rozvitku osobistisnih cinnostej molodshih shkolyariv // Problemi suchasnoi psihologii.* – 2012. – №17. – S. 317–327.
20. Verner O.YU., Makarova O.V. *Vikoristannya kazkoterapii yak zasobu viovannya moral'nih yakostej osobistosti u ditej molodshogo shkil'nogo viku // Problemi reformuvannya pedagogichnoi nauki ta osviti. Materiali Mizhnarodnoi naukovo-praktichnoi konferencii.* – Herson: Vidavnychij dim «Gel'vetika», 2017. – S. 55–57.
21. Bellack A.S., Mueser K.T., Gingerich S., Agresta J. *Social skills training for schizophrenia: A step-by-step guide.* – New York: Guilford Press, 2004. – 337 p.
22. Qin C.H., Yong J. *Social competence and behavior problems in Chinese preschoolers // Early Education & Development.* – 2002. – No. 13. – P. 171–186.
23. Crockenberg S., Litman C. *Autonomy as competence in 2-year-olds: Maternal correlates of child defiance, compliance, and self-assertion // Developmental Psychology.* – 1990. – No. 26. – P. 961–971.
24. Ciklauri L.G. *Skazkoterapiya kak effektivnaya pedagogicheskaya tekhnologiya. [Elektronnyj resurs].* – Rezhim dostupa: <https://www.o-detstve.ru/forteachers/kindergarten/methodology/13079.html> (data obrashcheniya: 21.12.2020).
25. CHEkh E.V. *YA segodnya zlyus', rasskazhi mne skazku.* – Sankt-Peterburg: Rech', 2009. – 144 s.
26. Kajdakova V.YU. *Skazkoterapiya v priobshchenii detej doskol'nogo i mladshogo shkol'nogo vozrasta k chteniyu // Sbornik nauchnyh statej po itogam raboty Mezhdunarodnogo nauchnogo foruma «Nauka i innovacii – sovremennye koncepcii».* – Moskva: Infiniti, 2019. – S. 54–60.
27. Pearson J., Watts P., Smail M. *Dramatherapy with myth and fairytale: The golden stories of sesame.* – Philadelphia: Jessica Kingsley Publishers, 2013. – 238 p.
28. Warner D.A. *Empowering the older adult through folklore // Adultspan Journal.* – 2006. – No. 5, Vol. 2. – P. 91–100.
29. Proyer R.T., Ruch W. *The virtuousness of adult playfulness: the relation of playfulness with strengths of character // Psychology of Well-Being: Theory, Research and Practice.* – 2011. – No. 1. – Article number 4.
30. Linden M., Baumann K., Lieberei B., Lorenz C., Rotter M. *Treatment of posttraumatic embitterment disorder with cognitive behaviour therapy based on wisdom psychology and hedonia strategies // Psychotherapy and Psychosomatics.* – 2011. – No. 80, Vol. 4. – P. 199–205.

МРНТИ 14.25.05

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5496.12>

Ыбыраимжанов К.Т.,^{1*} Бекбаева М.Ф.,¹ Радченко Н.Н.²

¹І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті КЕ АҚ, Талдықорған, Қазақстан

²Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан ушверситеті КЕ АҚ

Өскемен, Қазақстан

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІН ОҚУШЫЛАРДЫҢ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУЫҒА ДАЯРЛАУ

Аңдатпа

Мақалада, қазіргі бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғаның сапалық қасиеттерін қалыптастыруды педагогикалық тұрғыдан қарастырып, олардың адами - рухани құндылықтарды меңгерудегі ұйымдастырылатын оқу-тәрбие барыстарын ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралар негізінде жүзеге қарастырлған. Бастауыштағы оқу-тәрбие жұмыстарын жүзеге асырушы болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлауда да ұлттық рухани құндылықтар жайындағы ауқымды білімдердің берілуі керектігі жайында авторлар пікірлерін білдіреді. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамыту мәселесі педагогикалық үдерістің басым бағыты болып, олардың адами-ізгіліктік мазмұнын анықтаумен және оқу-тәрбие жұмыстарының оқушылардың жас және сыныптық ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырудың

қажеттілігі олардың келешекте жеке тұлға болып қалыптасуымен дамуының өзегі ретінде айтылады. Оқушының жеке тұлғалық болмысындағы адами-рухани құндылықтар жайындағы көзқарасының қалыптасуы әрекеттерінің ізгілікті беретін қасиеттер мазмұнын, олардың бағытын тәрбие мақсатымен сәйкестендіру жайында пікірлер түйінделеді.

Мақаланың мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының рухани құндылықтарын дамытуға болашақ мұғалімдерді ұлттық тәлім-тәрбие мұралары негізінде даярлауды жүзеге асырудың теориялық және тәжірибелік тұрғыдан мазмұнын ашу.

Түйін сөздер: Рухани құндылық, адами-ізгілік, тәрбие, оқушылар, мұғалім даярлау, педагогикалық үдеріс, тәлім-тәрбиелік мұралар.

Ыбырайымжанов К.Т.,^{1} Бекбаева М.Ф.,¹ Радченко Н.Н.²*

¹НАО «Жетысуский университет имени И. Жансугурова», Талдықорған, Қазақстан

²НАО «Восточно-Казакстанский университет имени Сарсена Аманжолова»

Усть-Каменогорск, Қазақстан

ПОДГОТОВКА БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ К РАЗВИТИЮ ДУХОВНЫХ ЦЕННОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

В статье рассматривается формирование качественных черт личности современных учащихся начальных классов с педагогической точки зрения, а также овладение ими нравственно-духовными ценностями в ходе организации воспитательного процесса на основе национального воспитательного наследия. Авторы также высказывают свое мнение о необходимости получения широких знаний о национальных духовных ценностях будущими учителями начальных классов, которые будут осуществлять учебно-воспитательную работу в начальной школе. Проблема развития национальных духовных ценностей в воспитании младших школьников является приоритетным направлением педагогического процесса и актуальным вопросом в плане необходимости определения нравственно-гуманного содержания и организации учебно-воспитательного процесса в соответствии с возрастными особенностями учащихся и класса. Обобщены мнения о содержании достоинств формирования у учащегося взглядов на общечеловеческие и духовные ценности в личности, согласование их направленности с целью воспитания.

Цель статьи: Раскрыть теоретическое и практическое содержание осуществления подготовки будущих учителей начальных классов к развитию духовных ценностей младших школьников на основе национального воспитательного наследия.

Ключевые слова: Духовная ценность, гуманность, воспитание, ученики, подготовка учителя, педагогический процесс, воспитательное наследие.

Ybyraimzhanov K.T.,^{1} Bekbayeva M.F.,¹ Radchenko N.N.²*

¹ NJSC Zhetysu University named after I. Zhansugurov

Taldykorgan, Kazakhstan

² NJSC East Kazakhstan University named after S. Amanzholov

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

PREPARATION OF FUTURE PRIMARY SCHOOL TEACHERS FOR THE DEVELOPMENT OF STUDENTS' SPIRITUAL VALUES

Abstract

The article deals with the formation of qualitative characteristics of the personality of modern primary school students from the pedagogical point of view, as well as their mastery of moral and spiritual values in the organization of the educational process on the basis of national educational

heritage. The authors also express their opinion about the need for extensive knowledge of national spiritual values by future elementary school teachers who will carry out teaching and educational work in the elementary school. The problem of development of national spiritual values in the education of elementary school students is a priority area of the pedagogical process and a topical issue in terms of the need to determine the moral and humane content and organization of the educational process in accordance with the age characteristics of students and class characteristics. Formation of the student's worldview of moral and spiritual values lies in the correspondence of the content of virtuous qualities, their orientation with the purpose of education.

The aim of the article: To reveal theoretical and practical content of the implementation of training of future elementary school teachers to develop the spiritual values of primary school students on the basis of national educational heritage.

Key words: Spiritual values, humanity, education, students, teacher training, pedagogical process, educational heritage.

Кіріспе. Адами жаратылыс пен болмыстағы мұраттың ізгілік тұрғыдан бейнеленуі адамдық өмір сүрудегі тәжірибелер барысында саналылығын айқындауға мүмкіндік беретін нақты және адамзатқа тән белгілерінің бастысы – оның жалпы жаратылыстық болмысқа рухани қарым-қатынасы және сол руханилыққа иелігі. Адам бұл әлемдік табиғи жаратылыстағы жоғары сана иесі болғандықтан, сезімдердің баршасы осы руханилық қарым-қатынас барысында орын алуы заңдылық. Адамның ішкі құндылығының яғни, руханилықтың қалыптасу мен дамуына әдебиет пен тарих, өнер шығармалары, өзара қырым-қатынас ықпал жасайтыны анық, сонымен бірге ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралардың алатын орны ерекше екендігіне баса назар аударуымыз қажет. Жеке адамдардың рухани кемелденуі мен өсуі жоғарыда аталған мәселелердің қаншалықты жүйелі, арнайы бағдарлық бағытпен іске асырылуы және оған ықпал жасайтын саяси, тарихи, қоғамдық-әлеуметтік жағдаяттардың осы үдеріске қаншалықты қолайлы жағдай жасалуына байланысты болмақ. Осы негізден ересек адамның қаншалықты рухани бай болуы мектеп қабырғасынан осы мәселеге баулуынан бастау алатыны анық. Қоғамның болашақ толық азаматының рухани кемелденуге бастайтын рухани қажеттілік - бастауыш сыныптардағы мұғалімнің оқушымен қарым-қатынасы жоғары ізгілік-адамгершіліктік санатында болуды қажет етеді және осы бағыттағы түрлі іс-шараларды ұйымдастыру мен оның әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алуы мен қолданудағы басты міндет ретінде қаралуы қажет. Өйткені, адамның руханиаттылық мұраты күнделікті қажет болып отыратын көкейкесті мәселе екендігін естен шығармау керек. Себебі, адамгершілік ізгі қасиеттердің тозуы емес, керісінше соның өркендеп, өсуді қажетсініп отыратын және оған әсер ететін мұрат, рухани күштердің жандануына, дұрыс ізгілік бағыт-бағдар беріп, азаматтың рухани өркениеттікте дамуына, оған жетуіне ықпал тигізетін өзек ретінде мәнге ие болады.

Ұлттық тәлім-тәрбиелік мұраларында ізгілік пен адамгершілік қасиеттерге баулитын құндылықтарға бай және жоғары сезімталдықпен ұрпаққа беріліп отырған қазақи тәрбиені бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғалық болмысын қалыптастыру мен дамытуда жүргізілетін педагогикалық іс-шаралар мен тұтас педагогикалық үдерісте жүзеге асыру, өте нәзік сезімді, аса құнды қасиеттерді жүректен жүрекке сабақтастыра жеткізу тек шебер де шығармашыл, кәсіби мұғалімдер мен тәлімгердің мақсат-мұраты.

Яғни, қазіргі ЖОО-нда болашақ бастауыш сынып мұғалімін даярлаудың басты міндеттері мен мақсаты – ізгілік негіздегі адамгершілік құндылықтарды оқушыларға ауызша және жазбаша сауаттылық қатынастар арқылы дарыта алатын, оның жүрек түкпіріндегі руханиатын толықтырып, байыту және әр оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасып, дамуына бастау бұлақ болатын бар құндылықтар мен ішкі қасиеттерін жетілдіруге қызмет жасайтын кәсіби әлеуетінің негіздері қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбие мұраларын меңгерген мамандарды шығару.

Эстон ғалымы П. Тульвисте әр түрлі этникалық топтарды зерттей келе, «Батыс» цивилизациясына араласпаған түрлі этникалық топтардың тарихи дамуында олардың ауызша қатынастағы ойлаудың мәдени формасы мектепте оқымаған балаларда ғана емес, үлкендерде де жеткіліксіз дамығанын анықтаған [1].

Ұлыбританиялық ғалым Дохерти Кэтрин педагогикалық білім беру мәселелеріндегі өзін-өзі дамыту және оның тәжірибе көрініс беруін «жақсы» деген түсінік арқылы беріп, оны руханилық сөзінің мағынасына жақындастырады, яғни болашақ педагог маманның ішкі жаратылыстың рахаттануымен байланыстырады. «Жақсы» деген түсінік мінез-қылықтың (моральдық) дұрыс қалыптасуындағы жоғары сапаны білдіреді. Сонда өзін-өзі дамыту арқылы «гуманизмге» бағдарлануы педагогикалық білімде бірдей бола ма деген сұрақ туындайды. Білім берудегі мінез-қылықтық бейне қалыптасуы көрінісінің теориялық түсіндірмелері адамгершілік және бұл уақыт келе орын алатын құбылыс әрі әлеуметтік факт ретінде көрсетеді. Керісінше, мейірімділікті «сапа» ретінде анықтайтын халықаралық салыстырулар арқылы тексеріліп және өлшенуін қарастырады. Сондықтан заманауи мұғалімдерді жақсылықтың әр түрлі нұсқаларына және олардың қайшылықтарына қалай дайындай алатынымыз жайында айтады [2].

Бұл мақалада біздердегі бала тәрбиесіне рухани құндылық негіздерін қалыптастырудағы қазақтың тәлім-тәрбиелік мұраларындағы озық ойлы пікірлер бойынша зерттелінген ғылыми жұмыстарға жасалынған талдаулардың мазмұнында ізгілік пен адамгершілікке, сүйіспеншілік пен қамқорлыққа, өзара таулық пен ынтымақтастық, үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, кішіпейілділік пен инабаттылық, т.б. адами болмыстағы ішкі қасиеттерге тән мәселелер кеңінен қарастырылып, тәрбиенің құнарлық дәні ретінде ашып беру. Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік мұралар мен оның тарихында, ауыз әдебиетінде, мәдениетіндегі салт-дәстүр мен әдеп-ғұрпындағы тәжірибелер және түрлі қолданбалы өнерінде, дүниетанымдық ой-пікірлерінде осы рухани түсінік мәселесі олардың өзегі ретінде орын алып отырғандығын негіздеу. Сондықтан қазақ халқының бай рухани мұрасын бастауыш сынып оқушыларының тәрбиесін қалыптастыруда өзіндік орны мен мүмкіндігі жоғары деп айта аламыз.

Материалдар және әдістер. Қазақ халқының ұлттық рухани құндылықтары ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі мәдениетінде, дүниетанымдық пәлсафалық тәлімдік ілімі мен әдебиетінде, тарихи шежіресінде болашақ ұрпақты тәрбиелеу жайындағы мұраларының мәні өз алдына ерекшелігімен орын алады. Қазақ өз ұрпағын өмірге бейімдеуде оның жеке тұлғалық болмысын бекіту және олардың келешек қоғамдағы орны мен маңызын, тәлім-тәрбиесін, өмірлік тәжірибесінің қыр-сыры туралы толғаныстарын өткеннің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, тәлімдік ақыл-кеңесін, даналық өсиеттерін, терме-жырлар, мақал-мәтел, қанатты сөздер арқылы жеткізіп отырған ақын, жыршы-жыраулар: Асан Қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұхар Жырау, Шал ақын, Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы т.б. тұлғалар жеке шығармаларында қазақ баласына тән құнды рухани қасиеттерді қалыптастыру, оларды тәрбиелеуде бойларынына сіңіру жайындағы тәлімдік мұраларды қалдырып кеткен.

Қазақтың белгілі ағартушылар мен пәлсафалық ой иелері - А. Құнанбаев [3], Ш. Құдайбердиев [4] және т.б., ал ағартушы-педагог, ғалымдар - Ы. Алтынсарин [5], А. Байтұрсынов [6], Х. Досмұхамедов [7], М. Жұмабаев [8], Ж. Аймауытов [9], М. Дулатов [10] және т.б. еңбектерінде ұрпақ тәрбиесіндегі руханилық мәселелері өз алдына кеңінен қарастырылып, бала тәрбиесіне қатысты тереңдетілген ғылыми жұмыстары жарық көрген.

Біздің қарастырып отырған оқушылардың тәрбиесінде ұлттық рухани құндылықтарын дамытуға басты жауапты тұлға - мұғалім болғандықтан, оларды даярлаудағы ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде жүргізілетін тәрбиенің жалпы теориялық және әдіснамалық негіздерін қарастырған отандық педагог-ғалымдар Қ.Б. Жарықбаев [11], С.Қ. Қалиев [12], Ә. Табылдиев [13], С.А. Ұзақбаева [14], С. Ғаббасов [15], Қ.Ж. Қожахметова [16], Қ. Бөлеев [17], және т.б. қазақ этнопедагогикасының теориясы мен тәжірибесінің ғылыми негіздерін дәлелдеу арқылы оны ғылыми айналымға түсіруге бағытталған еңбектер жазған. Бұлар бүгінгі күндегі туындап отырған рухани құндылықтарды жас ұрпақтың болмысына сіңіру мақсатындағы адами-ізгіліктік тәрбиенің ұлттық мазмұнын беретін жұмыстар.

Ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралық идеяларды жүйелеп, сүзбеден өткізіп, реттеп, оны бастауыштың оқу-тәрбие үдерісіне енгізу жолдарын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарастырып

және осы негізде бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметіндегі күрделі педагогикалық үдерісті жүзеге асыру мәселесі қажеттілік пен сұранысқа ие болып отыр. Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеуде жүйелі озық ойлы педагогикалық пікірлер әр заманда да дана тұлғалар – пәлсафалық ой иелерінің, ақын-жырау, ел қорғаған батырлардың өмірлік тәжірибелерінде, ағартушылық қызметтегі білімпаздар мен оқымысты - педагог-ғалым, әдіскер еңбектерінде орын алып отырған. Бірақ, қазіргі жаһандану барысында қазақи ұлттық болмысқа жат, түрлі жағымсыз мінез-құлық пен қондырма мәдениеттер ғаламтор ақпарат көздері арқылы біздің өмірлік тәжірибеден орын алуы - ұлттық мектептерде бала тәрбиесін жүйелі қарауды талап етіп отыр. Мектептердегі берілетін білім негіздерін ұлттық рухани құндылыққа бағаттылған тәрбиесіз жүзеге асыру мүмкін емес, яғни, ең алдымен мектепте тәрбие жүйесінің мазмұнын теориялық және тәжірибелік тұрғыдан біртұтастықта ұлттық тәлім-тәрбиелік білімдермен ұштастыруды қажет етеді.

Зерттеудің әдістері ретінде теориялық білімдерді жинақтау, сұраптау мен талдау, байқау, бақылау, әңгіме, сауалнама, сұрақ-жауап, тәжірибелік-эксперимент, көрсеткіштерін талдау т.б. болды.

Зерттеу нәтижесі. Қазіргі қоғамымыздың дамуы мен жаңару жағдайында адам факторын оны заманауи жағдайға байланысты жетілдіру, өмірлік тәжірибенің барлық жақтарына өзгерістер енгізу жағдайында рухани тәрбиенің мазмұны күрделену үстінде. Оның себептерінің бірі - жаһандық байланыстың артуы салдарынан түрлі ақпараттардың біздің өмірімізге еніп, ықпал жасауы - адам құндылықтарының өзгеріске ұшырауына алып келді және ұлттық құндылық мұраларының табиғатына ықпал жасап, оған деген қалыптасқан түсінік пен көзқарастың руханилық мазмұндары түрлене бастады.

Бастауыш сынып оқушыларының рухани құндылық тәрбиесін мүмкіндігінше толықтыру мен қамтамасыз етуде ұлттық тәлім-тәрбие мұралардан тұратын құрылымдық мазмұн бойынша тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың технологиялық қатынасының тиімділігін анықтау мақсатында тәжірибелік-педагогикалық зерттеулер ұйымдастырылды. Бастауыш сынып оқушыларының тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру шараларын төмендегідей бөліп қарастыруға болады:

➤ Бастауыш сыныптардағы тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда біртұтас педагогикалық үдерістігі оқушылардың қарым-қатынас әрекеттерінің басшылыққа алынуы;

➤ Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу барысында ұлттық тәлім-тәрбие мұраларындағы рухани-адамгершілік құндылық сапаларының мазмұндық құрылымының олардың жас және сыныптық ерекшеліктеріне қарай дұрыс берілуі;

➤ Ұйымдастырылған тәрбие жұмыстары барысында оқушыларда рухани-адамгершілік, ізгілік қасиеттердің қалыптасу деңгейінде қолданылатын жаңашыл тәрбие технологияларын жүйелеу және анықтау.

➤ Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарын жүргізу барысында қатысатын оқушыларды екі топқа бөлдік: эксперимент және бақылау тобы деп арнайы қарастырып алып отырмыз. Анықтау экспериментін арнайы әдіс арқылы жүргіздік. Негізгі әдісіміз бақылау, әңгіме, сұрақ-жауап, диагностикалық талдау т.б. болды. Сол сияқты зерттеудің нақты мақсаты мен жолын анықтадық:

➤ Болашақ бастауыш сынып мұғалімі оқушыларды жас және сыныптық ерекшелігіне қарай тәрбиелеу бағытындағы жұмыстарын жүргізу үшін не білуі қажет;

➤ Оқушының жеке болмысындағы мінез-құлық көрінісін беретін «ақжарқын» және «тұйықтық» - яғни, психологиялық темперамент табиғатын анықтау;

➤ Бастауыш сынып оқушыларының жас және сыныптық ерекшеліктеріне қарай бақылау мен байқауды қалай жүргізу және белгілеу т.б.;

➤ Оқушылардың бойындағы рухани-адамгершілік жайындағы түсініктерін анықтау;

➤ Оқушылардың ұлттық болмыстағы тәлім-тәрбиелік мұра құндылықтары негізіндегі (о бастан қалыптасқан: ата-ана, балабақша, қарам-қатынасқа түсетін орта ықпалынан меңгерген тәрбие қырлары мен жеке бас қасиеттері) рухани-адамгершілік әдептілігі көрінісін сипаттау, жоспарлау т.б. әсер ету бағытындағы жұмыстарды жүргізудің жүйесі құрылды.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында оқыту мен тәрбиелеу үдерісі және сыныптан тыс жұмыстардың өзара байланыстылығы басшылыққа аланып, оқушылардың рухани құндылық қасиеттерінің көрінісін анықтау мәселелері басшылыққа алынды:

➤ ана тілі, дүниетану, қазақ тілі пәндерінің мазмұнында ұлттық рухани құндылық қасиеттерін қалыптастыру;

➤ дүниетану, көркем еңбек пәндерінің оқу материалдары негізінде оқушылардың өзара және өзгелермен қарым-қатынас жасау барысындағы адамгершіліктік қасиеттерін ұлттық рухани құндылықтар арқылы қалыптастыру;

➤ бастауыш сынып оқушыларының ой және дене еңбектеріндегі жұмыстарында олардың жеке және бірлескен әрекеттерін ұлттық рухани құндылықтар тәрбиесін беретін тәлімдік мұралар мен қазіргі тәрбие жүйесін ұшастыра отырып қалыптастыру;

➤ оқытылатын пәндердің оқу материалдарын оқытуда және сыныптан тыс жұмыстармен олардың бірлігін сақтай отырып, халықтық тәлім-тәрбие мазмұнындағы рухани құндылықтарды кеңінен қолдану арқылы жеке пән сабақтары мен тәрбие сағаттарындағы адами-ізгіліктік тәрбиелерін қалыптастыру және оларды оқушылар жеке өмірлік тәжірибелерінде пайдалалана алуына бейімдеу әрекеттерін іске асыру;

➤ сыныптағы оқу-танымдық жұмыста, сыныптан тыс (үйірме, саяхат, мұражайға бару, көрмелерді аралау, ойын т.б.) арқылы оқушылардың өзара, жеке және көпшілікпен қарым-қатынас әрекеттерінде ұлттық тәлімдік мұраларға негізделген рухани-адамгершілік ережелерін меңгерту.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды 3-4 сынып оқушыларына ұлттық тәлім-тәрбиелік рухани құндылықтарға негізделген мәліметтер ұсынылып және одан алынған мәліметтерді талдау барысында оқушылардың қазақи тәрбиесіндегі қарым-қатынас мәдениеті мен халықтық салт-дәстүр туралы пайымдауларының мәні рухани-адамгершілік тәрбие тұрғысынан қарастырылып, бағаланды. Мәселен:

➤ Өзіне үлкен және қарт адамдарға сәлем беру керек пе? (тану-танымау міндетті емес);

➤ Жүгіріп немесе қатты жүріп бара жатып сәлем беруге бола ма, жоқ па?;

➤ Үлкен адамдарды шақырғанда немесе кездестіргенде есімдерін атау керек пе?;

➤ Екінші бір немесе бөгде адамның затына, дүние-мүлкіне рұқсатсыз тиісуге, қолдануға бола ма?;

- Өзіңнен үлкен адамдарға қатты дауыстап сөйлеуге, қабақ түйіп қарау дұрыс па?;
- Өзіңнен үлкен таныс немесе танымайтын адамдарға «сен» деп сөйлеуге бола ма?;
- Жалғыз ағашты кесу, балағат, жаман сөз айту дұрыс па?;
- Өркөкіректік, мақтаншақтық, өзгені сыйламау әдептілікке жата ма?;
- Адаммен теріс қарап тұрып сөйлесу қандай қылыққа жатады? т.б.


Ұлттық тәлім-тәрбие негіздеріне бағыттайтын сауалнамалық тапсырмалар арқылы оқушылардың салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптық қарым-қатынас мәдениеті жайындағы тәрбиесінің мүмкіндіктерін анықтап, олардың мәнін түсіндіру бағатында жұмыстар жүргізілді. Бұл тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының жүру барысы мен соңғы қорытындысы оқушылардың ұлттық мұраларға негізделген тәрбиелік таным деңгейінің көрсеткіштерімен салыстырмалы тексеруден өтуі, жеке пәндік сабақтары арнайы тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс тәжірибелік оқу-танымдық әрекеттер барысында оқушылардың ұрпақ тәрбиесіне бағытталған ұлттық мұра құндылықтарынан жинақтаған білімдері мен түсініктерін қалыптастырып, дамыту арқылы олардың рухани-адамгершілік тәрбиесін жетілдіруде ұлттық талғамның, ізгіліктік қасиеттердің, шығармашылық іс-әрекеттердің қалыптасу сапасын анықтауға мүмкіндік берді (кесте - 1,2; сурет диаграмма – 1).

Кесте 1 - Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәлім-тәрбие мұралары арқылы оқушылардың рухани құндылықтарын қалыптастыру көрсеткіштері /нақты сан және пайыздық көрсеткіш есебімен - бақылау тобы/

Деңгейлер	Бақылау тобы							
	Алғашқы нәтиже				Соңғы нәтиже			
Жоғары	Оқушы саны	11	% көрсеткіш	14,1	Оқушы саны	17	% көрсеткіш	22,6
Орташа	Оқушы саны	19	% көрсеткіш	25,3	Оқушы саны	36	% көрсеткіш	48,0
Төмен	Оқушы саны	45	% көрсеткіш	60,0	Оқушы саны	22	% көрсеткіш	29,3
Қорытынды	Оқушы саны	75	% көрсеткіш	99,4	Оқушы саны	75	% көрсеткіш	99,9

Кесте 2 - Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәлім-тәрбие мұралары арқылы оқушылардың рухани құндылықтарын қалыптастыру көрсеткіштері /нақты сан және пайыздық көрсеткіш есебімен - эксперименттік топ/

Деңгейлер	Эксперименттік топ							
	Алғашқы нәтиже				Соңғы нәтиже			
Жоғары	Оқушы саны	12	% көрсеткіш	16,0	Оқушы саны	21	% көрсеткіш	28,0
Орташа	Оқушы саны	18	% көрсеткіш	24,0	Оқушы саны	42	% көрсеткіш	56,0
Төмен	Оқушы саны	45	% көрсеткіш	60,0	Оқушы саны	12	% көрсеткіш	16,0
Қорытынды	Оқушы саны	75	% көрсеткіш	100	Оқушы саны	75	% көрсеткіш	100



Сурет 1. Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәлім-тәрбие мұралары арқылы оқушылардың рухани құндылықтарын қалыптастыру көрсеткіштерінің диаграммасы (бақылау және эксперименттік топтар)

Тәжірибелік-эксперименттерді жүргізу барысында бастауыш сынып оқушыларының тәрбиелену сапалары олардың тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жұмыстарын оқушылардың табиғатына жақын және түрлі тәрбие әдіс-тәсілдерін мүмкіндігінше тартымды, әрі тиімді болуын

қарастырып, бастауыш білім беру кезеңіне енетін оқушылардың таным мүмкіндігіне сәйкес жүзеге асырылды. Дегенмен, кейбір жағдайда тәрбие беру барыстарында олардың өздеріне тиесілі тетік-құралдары мен тәрбие технологияларын қолдану заңдылықтарының өзара байланыс жүйесінің сақталмау себептері тәрбие жұмыстарының нәтижелерінің төмендігін және оны реттеудегі толықтырулар мен жетілдіру шараларын жүзеге асырғандығымызда айта кеткеніміз дұрыс. Бұлар негізінен тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында сабақтастық пен бірізділік және оқушылардың жас және сыныптық деңгейдегі танымдық мүмкіндіктерінен жіберілген қателіктер екендігі анықталды. Бастауыш сыныптардағы жеке пән сабақтары мен сыныптан тыс және тәрбие сабақтарында ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралардағы рухани құндылықтарын тереңдету бағытындағы халықтық салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыпты пайдалану арқылы оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие беру мәселелерінің жағдайын анықтай отырып, қазіргі ЖОО-да даярланып жатқан болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне ұлттық тәлімдік мұралар бағытындағы білімдер мен педагогика, психология және этнопсихология ғылымдар саласындағы тоериялық және әдіснамалық ілімдерді олардың кәсіби қызметке даярлаудағы өзек ретінде қарастыру мәселесі нақталанды. Біздің жүргізген зерттеу жұмыстарымыз Шығыс Қазақстан облысындағы Өскемен қаласындағы мектептердің бастауыш сынып оқушылары мен Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті «Бастауыш оқытудың педагогикасы және әдістемесі» білім беру бағдарламалары негізінде білім алушы студенттер қатыстырылды.

Сондықтан да, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетіндегі даярланатын бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби әрекетке бейімдеу барыстарында оларды оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын дамытуда тәрбие жүйесін жетілдіру және оны ұйымдастыруға қажетті білімдерді және тиімді тәрбие технологиясын меңгеруді басты мәселе ретінде басшылыққа алуға ұсыныстар жасалып, жүзеге асырылуда. Жоғарыда келтірілген теориялық және тәжірибелік зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін бастауыштағы тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізу мен нақты кезеңдік құрылым бойынша жоспарларын құруға және тәрбиенің оқу үдерісі мен біртұтастықта жүруін басқарып, ұйымдастыра алатын кәсіби қабілеттілігін дамыту мәселесі басты орынға шығып отыр.

Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық тәлім-тәрбие мұралары негізінде тәрбиесін жетілдіру бағытындағы жұмысқа болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің дайындығын төмендегідей бөліп қарастыруға болады. Мәселен:

➤ бастауыш білім беру кезеңіндегі тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда оқушылардың ұлттық танымдық білім мен тәжірибесін басшылыққа ұстау;

➤ бастауыш сынып оқушыларын рухани құндылық бағытында тәрбиелеу барыстарында ұлттық мұралардың мазмұндық жүйесінің оқушылардың жас және сыныптық ерекшеліктеріне үйлесімді келуі мен психологиялық және педагогикалық заңдылықтар тұрғысынан дұрыс таңдалуы мен берілуі;

➤ рухани-адамгершілікті тәрбиені қалаптастыру мен дамыту барысында қолданылатын немесе ұсынылатын материалдардың мазмұндық құрылым мен пайдаланылатын жаңашыл тәсілдер мен әдістер оқушылардың тұлғалық болмысындағы тәрбие көрінісін, қасиеттерін қалыптастыру деңгейін бекітуге негіз болатындығына нақты көз жеткізу.

Сондай-ақ, бастауыш сынып оқушыларының жас және сыныптық оқу-танымдық қызмет ерекшеліктерін басшылыққа алып, қазақ халқының мәдениеті, салт-дәстүрлері мен әдеп-ғұрыптары мен өмір тұрмысымен байланыстылығын көрсететін бағдарлы арнайы ұйымдастырылған әңгімелер мен пікір-таластар өткізілді. Осының негізінде болашақ және қазіргі бастауыш сынып мұғалімдеріне көмекші құрал ретінде арнайы ғылыми-этнографиялық, халықтық салт-дәстүрлер мен әдеп-ғұрыптар және ұрпақ тәрбиесіне арналған тәлім-тәрбиелік мұралар жиынтығын беретін ғылыми-әдістемелік әдебиеттер ұсынылды.

Мұнда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау барысында жүргізілген педагогикалық, психологиялық, этнопсихологиялық, дидактикалық, тәрбие әдістемесіне қатысты білімдерін қосымша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер арқылы толықтыра отырып, жинақталған білімі мәліметтер негізінен жеке дайындықтарын арттыруға бағытталған қосымша жұмыстарды жүргізіп, осы бағаттағы танымдық білімдерін жетілдіру шаралары да жүзеге асырылды. Осындай

арнайы және жоспарлы жүргізілген дайындықтардан кейін студенттердің осы бағыттағы білім мен танымдық түсінік деңгейлерін тексеру әрі қорытындылау мақсатында олардың арасында пікір-сайыс ұйымдастырылып, өткізілді.

Бұл іс-шарада болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне арнайы тапсырмалар дайындалып, берілді. Тапсырмаларда ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралары мен салт-дәстүрлер, әдеп-ғұрыптарды тәрбие құралы ретінде қолдана білу, ұлттық құндылық пен мәдениеті және өмірлік үлгі өнегесі, салт-дәстүрін оқушылардың сана, түсінігіне бекітудің әдіс-тәсілдерін қолданудағы кәсіби іскерлік, шеберлік, талап етілді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ұлттық тәлім-тәрбие мұралары арқылы оқушылардың рухани құндылықтарын дамытуға даярлығын анықтау бағытында төмендегідей сұрақ-тапсырмалары ұсынылды:

- Дәстүрлі әдіс-тәсілдерді тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда қолданудың тиімділігі?;
- Тәрбие жұмыстарына бағытталған шараларды ұйымдастыруда тәрбие түрлері мен мазмұндық ерекшеліктеріне нақты бағытталған тәжірибелік әрекеттер арқылы беру керек пе?;
- Тәрбие берудің сапасы тек ұлттық тәлім-тәрбие мұралардағы білімдер мен тәжірибелерге қатысты болады деп ойлайсыз ба?;
- Тәрбиенің рухани-адамгершілік мазмұнына ұлттық салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптың және қазақи өмір салтының қосатын үлесі заманауи тәрбие барысында қаншалықты деп ойлайсыз?;
- Ұлттық тәлім-тәрбие мұралар, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптың негізінде тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және жетілдіруді қажет деп түсінесіз бе?

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне берілген сұрақтық тапсырмалардың жауаптары 6 балдық жүйемен бағаланды (5-6 балл жоғары; 3-4 балл орта; 1-2 балл төмен) және олардың сапалық деңгейінің көрсеткіштері анықталып, мәндік сипаттамаларын төмендегідей бердік:

Жоғары деңгей – жеке пән сабақтары мен сыныптан тыс және тәрбие сағаттарында тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда қажетті әдістер мен жаңашыл тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың рухани адамгершілікті жан дүниесін дамытуда ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралар мен салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптар мен халықтық құндылықтарды тәрбиенің өзегі ретінде ала отырып тәрбие беруді ұйымдастырудың мәні мен ерекшелігі, оқушының өміріндегі алатын орнын маңызды деп баса көңіл аударады, халықтық мұраларға және мәдениетке байланысты білім, білік, іскерлік, дағдысы жоғары деңгейде қалыптасқан, өмірлік және педагогикалық тәжірибемен байланыстара алу қабілеті жоғары.

Орташа деңгей – жеке пән сабақтары мен сыныптан тыс және тәрбие сағаттарында тәрбие жұмысын сапалы ұйымдастыру қажет деп түсінеді, халықтық салт-дәстүр мен әдеп-ғұрып ұрпақ тәрбиесіне бағытталған тәлімдік мұралардан түсінігі бар, бірақ өмірде және педагогикалық тәжірибеде қолдануы бар бірақ, тұрақты жүйелілік жоқ. Оқыту мен тәрбие берудің бірлігінің қажеттілігін түсінді. Тәрбиеге бағытталған педагогикалық әрекеттерде ұлттық тәлім-тәрбиелік мұраларды кеңінен қолдану дағдысы қалыптаспаған.

Төменгі деңгей – жеке пән сабақтары мен сыныптан тыс және тәрбие сағаттарында тәрбиенің жетекші орын алу керектігін біледі, оны ұйымдастырудағы әдістер мен жаңашыл тәсілдерге байланыстылығын жетік түсіндіре алмайды. Ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралар мен халықтық салт-дәстүр және әдеп-ғұрыптардың ерекшеліктері мен мәндік мазмұны туралы білімдерінің төмендігінен ұлттық мәдениет, ұлттық рухани құндылықтарға қатысты материалдарды жеке пән сабақтарында тәрбиеге бағыттау мен пайдалануға деген құштарлығы төмен, педагогикалық үдерісте тәрбие беруді жүзеге асыруға дағдыланбаған.

Педагогикалық үдерісте тәрбиені қалыптастыру мен дамыту әрекетінде түрлі қарама-қайшылықтар мен қиындықтардың орын алатыны анық. Осының негізінде тәрбие ұғымының мазмұнын ашу барысында былайша түсіндіруге де болады. «Тәрбие - адамның рухани болмыс дүниесіне ықпал жасайтын барлық педагогикалық әрекеттердің өзара ықпалдастықтағы байланысы немесе кірігуі, бұл адамның өмір жолындағы орын алатын тәрбиелік қызметті атқаратын жеке тұлғалар арасында болады және олардың әсерін пайдалы мазмұнына қарай бойға сіңіру» - деп түсінуге болады. Тәрбие жүйесінің салалық бағыттары оқушының дамуында және оның болмыс бітіміндегі сыртқы және ішкі бейнесіндегі жеке көрінісін беретін жағымды, әрі

тартымды болуына, саналы азамат ретінде қалыптасып, жетілуіне өз ықпалын тигізеді. Сондай-ақ, тәрбиені мұғалімдердің кәсіби қызмет ретінде қарап түсіндіруде әсіресе, бастауыш сынып мұғалімдері қауымына бағытталуымен «педагог-тәрбиеші қызметі тәрбие субъектісі» қарастырылады және тәрбиенің түрлі салалық бағыттары нақты әрекеттер жүйесімен сипатталады.

Себебі, бұл кезеңдегі оқушылардың қабылдауы тез болғанымен де, танымдық дүниетанымына сәйкес келмеген жағдайда олардың түсінбеу және қабылдауы дұрыс болмай, түсініксіз нәрседен жеруі арқылы ынтасының жоғалуына алып келетін жайттарда жиі орын алады. Бұл кезеңде оқушы жеке тұлға болып қалыптасуы үшін тек сыртқы әсерді ғана емес, ол білім мазмұнымен ұштасқан тәрбиені де бар ынта-ықыласымен, бар зейінімен қабылдайды. Тәрбиенің негіздерін өмірлік тәжірибемен байланысын жете түсіне алатын кезеңі, яғни салыстырмалы байқау және бақылау әрекеттері арқылы тәлімдік білімдерді бойына сіңіріп, сана-сезімі қалыптасып, дамиды, жеке тұлға ретінде бекуінің алғашқы негіздері жасалады. Оқушының қоғамдық және әлеуметтік ортада дамуында, қарым-қатынас жасау арқылы түрлі жағдаяттан шығу жолдарын іздестірудегі әрекеттерінде өмірлік тәжірибедегі болып жатқан түрлі көріністердің куәсі болып, оларды талдаулары арқылы өзіндік түсінік қалыптасып, бағалау үдерістері жүреді. Осы негіздерден оқушының мінез-құлқы мен іс-әрекетіне, өзін қоршаған ортаның ықпалына түсіп, бейімденулері жүреді, өзін-өзі басқаруға, өз-өзіне баға беруі жағдайлары орын алады. Олардың саналы қарым-қатынасына өзек болатын және өзіндік белгі мен түсінігіне ұлттық мұралардағы тәрбие себеп болып, сол арқылы тәлімдік білімдер жүйесіндегі игерген рухани құндылықтар негізіндегі көзқарастары қалыптасып, дами түседі.

Жеке тұлға туралы шамадан тыс жеке идеяларды қолдана отырып, кейде контекстке зиян келтіретін моральдық зерттеулерге тәртіптік бағдарлаудың және құбылыстарды басқарылатын бөліктерге бөлудің ғылыми қажеттілігінің түсінікті салдары қарастырылған. Моральдық жағдайларды дамыту үшін әлеуметтанулық перспективаларды қосу жақтайды. Бұл автордың негіздеуінше - пәнаралық тәсіл ізгілік этикасы философиясы рухында жұмыс істейтін ғалымдардың шағын тобына, сондай-ақ әлеуметтік перспективаларды қабылдау басты орын алатындығы айтылған [18]. Сондықтан, бүгінгі қоғамда болашақ педагогтар мен тәрбиешілерді жоғары оқу орындарында даярлау барысында оның ішкі мазмұндық жүйесін ізгілендіру мәселесі келешекке дамуының алғы шарттары ретінде басшылыққа алынуда. Бұл болашақ мамандарды нарықтық қатынастар жағдайында жұмыс жасауға даярлауға байланысты анықталатындықтан, әрбір жоғары оқу орнында дайындалған болашақ маманның бойында өзіне тән төмендегідей негізгі жеке қасиеттер бар болуы тиіс. Себебі, жоғары оқу орындарында меңгерген және игерген мамандыққа қажетті білім, біліктерінен басқа жеке қасиеттері олардың адамгершілік-рухани өлшемдер мен ізгілік бағдарлар жиынтығының мазмұнын анықтап, беруші ретінде мәнге ие. Қазақстанда білім беруді халықтық тәлім-тәрбиелік ілімдер арқылы ізгілендіру рухани құндылықтарды болашақ маманның бойына сіңіру мен дамыту негізінде көзқарасын қалыптастырып, кәсіби қызметіндегі дағдылардың мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді:

- жеке дүниетанымы мен түйсік негізін құрайтын және түсіндіру қабілетін жүзеге асыратын, өмірлік тәжірибедегі рухани құндылықтар жайында бағыт-бағдар беретін пәлсафалық білімдер;
- экономикадағы нарықтық қатынастарға байланысты әлеуметтік бағытталуы туралы таным-түсініктер негізінде қалыптасатын қарым-қатынастық этикалық біліктіліктер;
- жаһандық өркениеттің даму тарихындағы руханилылығы озық ойлы ой-пікірлер мен тұлғаларды білу;
- ұлттық мәдениеттің мазмұнын жетік біліп, негізгі кезеңдеріне талдау жасап, түсінік беру;
- ұлттың даму тарихындағы қалыптасқан әлеуметтік-мәдениетін жете түсініп және оның заңдылықтарына тарихи жылнамалық тұрғыдан талдау жасай алуы;
- заманауи өркениет жолдарын пайымдау қабілеті және қазіргі әлеуметтік күштер мен қоғамның әлеуметтік құрамы жайында ауқымды түсінік бере алу;
- қоғамдағы түрлі институттардың құрылымдық мазмұны мен олардың атқаратын қызметтері туралы нақты талдай алуына білімінің болуы;

➤ қоғамда, әлеуметтік ортада және ғылыми-технологиялық даму мәселелеріне қатысты өзіндік бағыт-бағдарының болуы.

Әлемдік нарыққа кіру, ізгілендіру бағытындағы білімдерді беру, нарықтық жағдай сапалы мамандарды даярлауды талап ету, яғни ізгілік бағыттағы көзқарасы жоғары маман даярлау арқылы рухани-адамгершіліктің қасиеттің тозуына, яғни, мәдениет пен білімге, ұлттық салт-санаға, тәлімдік мұраларға т.б. жалпы өмірлік рухани құндылық болып табылатын басқа да нәрселерге махаббат пен сүйіспеншілік тұрғысынан қарап, бағаламау негізінде (нигилистік) қалыптасатын көзқарасқа қарсы төтеп беретін адамзат тәрбиелеу қажет [19].

Білім беру тарихының контекстінде өмірлік тәжірибені тәрбиелеу, дамыту және өзін-өзі дамыту және оқушылардың өз өміріндегі құндылықтарды қалыптастыруға деген күш-жігерін қабылдау маңызды мақсаттар ретінде ашып көрсетеді. Әр түрлі тарихи кезеңдерде қоғамда әртүрлі моральдық құндылықтардың пайда болуы гуманизмге бағытталған және жеке тәжірибеге сүйене отырып, білім алушылардың басқа адамдарға, табиғатқа, қоғамға және өзіне ортақ игілік үшін мінез-құлқының жалпы қағидаттары мен талаптық ережелерінің толықтығын қамтуы бұл – азаматтық ұстанымының берік болуын негіздеу деп түсінуге болады [20].

Рухани тәрбие беруде оның құрылымдық құрамалары – адамгершілік, ізгілік, құлықтық, т.б. ішкі болмысына ықпал жасау жайында түрлі көзқарастық сипаттамалар мен түсіндірулерде, олардың адамның ішкі жан дүниесіне қатысты болатын түрлі мазмұндарына қарамастан бастауыш сынып мұғалімі оқушының ішкі саналық қасиеттеріне бағыт-бағдар бере отырып, қызықтыру қажет. Бұл бағыттылық оқушының немесе білім алушы түрлі деңгейдегі шәкірттердің рухани дамуына жол бастайды, яғни адамның жеке тұрмыстық өмір тіршілік деңгей шеңберінен танымдық тәлім, мұралық білімдер арқылы шығу және өзінің жеке болмыстық бітіміндегі саналық қатынас жасау арқылы өз өміріне толық қанағаттану, үлгілік өмірге ие болу болып табылады.

Адамзаттық құндылықтарды жеке адамның өмірлік өлшеміне айналдыру яғни, рухани даму бағыт-бағдарын негіздеу - жеке тұлғаның ізгілік көзқарасын қалыптастыру барысы болып табылады. И.А. Колесникова рухани даму жайында: «Жердегі өлшемге сәйкес адамға өлшеп берілген өмірлік рольдердің барлық жолдық аумағынан (диапазонынан) толық жүріп өтпей, жақын адамына сүйіспеншілік көрсетпей туыстық пен жолдастық, шәкірт қатынасын, Отан және өз халқының тағдырына жауапкершілікті, дінді - адамзат өзін тұтас әлемнің бір бөлшегі ретінде сезіну мүмкін емес» - деп ізгілік көзқарасты қалыптастырудың рухани критерийлерін берді [21].

Адамның құндылықтар жүйесінің бейнелі суретін беретін руханилықтың критерийлерін белгілеуде мына тұрғыдағы ұстанымдырды басшылыққа алған дұрыс болар еді:

- қоршаған орта және табиғат заңдылықтары және олардағы өмір сүру белгілері;
- адам және оның ішкі, сыртқы болмыс бітіміндегі қалыпты дамуы мен денсаулығы;
- Отан, жер, ел, ұлттық салт-сана мен дәстүр, шежіре – (ағайын-туыс, отбасы), тіл, діл, әлеуметтік тұрмыстың өзегі болып табылатын қалыптасқан үрдістер;
- еркін еңбек нәтижелерінің қоғам, әлеуметтік орта мен мәдениет әлемдік өркениеттік жетістіктерінің өмірлік тәжірибеде қолданыс табуы немесе заттануы;
- адамзат қатынасы және оның өмір сүруін қамтамасыз етуші ізгілік, мейірімділік, сүйіспеншілік және махаббат пен бейбітшілік, тұрақтылық;
- адамдар арасындағы қарым-қатынастағы шынайы көркем әдімділік пен үйлесімділік, ақиқаттық, шындық пен жанашырлық және қайырымдылықты руханилықтың критерийі ретінде басшылыққа алуға болады.

Нәтижені талдау. Мақаладағы ұсынылып отырған зерттеу жұмысымыздан көрініс ол - диссертанттың және оған кеңес беруші ғалымдардың бірлескен жұмыстарының жемісі болып табылады. Егер де, біздер бұл мақалада тәжірибелік-эксперименттік жұмысымыздың мүмкіндігінше, толық нұсқасын қарастырып бермесек, онда мақала жүйесіндегі еңбегіміздің мазмұны толық ашылмауы орын алады. Сондықтан біздер тек сауалнама, сұрақ-жауап, т.б. зерттеу әдістерінің нәтижесінде алынған нәтижеден ауқымды яғни, тәжірибелік-эксперименттік жұмысымызда қол жеткізген нәтижелер арқылы олардың жоғары, орта, төмен деңгейлерін беру

арқылы ғылымилығын негіздеп, дәлелдей түсетіндігіне сенімдіміз. Әрине, бұл мақаланың сапалылығы авторлардың жауапкершілігінде екендігі анық.

Жоғарыдағы баяндалған ойдың мазмұн бойынша рухани тәрбие берудің мәндік құрылымымен құндылықтарын адамдардың өзара қарым-қатынастар жүйесімен, олардың ерік-сезімдік таным шеңберін және рухани тұрғысынан пайымдау аймақтық шеңберімен жүргізілетін жұмыс болып табылатына көз жеткіземіз. Мұндағы негізгі әрекет критерийін «ұят» деп айталытын сөздің төңірегіне шоғырланып, өз тұрмысының сапасын негіздеуші, өзін басты әсер санайтын оқушыда немесе білім алушы шәкіртте және тіпті ересек адамдарда қабылдап, түсінуді, сезінуді бағалауды қалыптастыратын ықпал жасаушы күш немесе әрекет ретінде орын алады.

Ғалым психологтар мен педагогтар мектеп оқушыларының жеке тұлғалық болмыстарындағы қасиеттерін зерттеу арқылы олардың бойындағы сапалар – ішкі құлықтық сезімінен, санасынан, сенімінен, мінез-құлық, қылықтық әдет дағдысынан және бойына дарыған тәрбиенің негіздерінен тұратындығын ашып көрсету.

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлғалық болмысын қалыптастырып, дамытуда рухани құндылыққа негізделген тәрбиенің құрамдық құрамалары басты өзек болып табылатындығы анық. Сондықтан бастауыш білім беру кезеңіне енетін оқушылардың осы рухани құндылықтарын қалыптастыру мен дамытуда ықпал жасап, негізін қалаушылар болашақ бастауыш сынып мұғалімдері болғандықтан, оларды тәлімдік мұра ілімдерімен қаруландырып, келешек кәсіби әрекеттерінде тәрбие жұмыстарын сапалы ұйымдастыра алуға бейімдеп, шеберліктерін жетілдіріп, осы бағыттағы міндеттерді шеше алуға қабілетті етіп даярлау қажет:

➤ оқушылар санасына руханилық пен адамгершілік қасиеттерді қоғамдық және жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесімен тәрбиені қалыптастыру мен дамыту. Бастауыштағы гуманитарлық пәндердің басымдық орын алатынын басшылыққа алу және оларды рухани тәрбиесінің басты құралына өзек етіп, оқушылардың тұлға ретінде азаматтық болмысының қалыптасуының тірегіне айналдыру;

➤ оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдап оның құқығының әлеуметтік, рухани қауіпсіздігін қорғау;

➤ қоғамда, әлеуметтік ортада және өзінің құрбы-құрдастары арасында өзара ынтымақ пен татулықта және жеке бас келісімде өмір сүруге қажетті оқушының жеке тұлға ретінде дамуына негіз болатын дарындылығын, рухани-адамгершілік қасиеті мен ақыл-ойын, салауатты өмір салтын ұстануы арқылы денсаулығын нығайтуға бейімдеу;

➤ жеке басының, өзінен үлкен адамдардың және өзге ұлттар мен ұлыс өкілдерінің құқығы мен бостандығын сыйлауға және олардың ұлттық-мәдени дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу;

➤ бастауыш сынып оқушыларына ұлттық бітімді беретін психологиялық болмысқа халықтық тәлім-тәрбиелік мұра тәжірибелерінің негізінде ұлттық рухани дүниетанымдарын дамыту;

➤ халықтың салт-дәстүрлерге арналған іс-шараларға оқушыларды белсене қатыстыру арқылы ұлттық мәдениет пен сананы дәріптеуге бағытталған көрмелерін ұйымдастырып, олардың бойына сіңіру;

➤ ұлттық тіл және халықтық мәдениет пен санаға бағытталған мазмұнды шығармашылық, танымдық кездесулер мен түрлі шараларды өткізу;

➤ халықтың ауыз әдебиеті мен тарихын дәріптейтін арнайы кештер немесе оқулар ұйымдастыру;

➤ оқушылардың оқу танымдағы ізденушілік қабілеттерін дамытуда тарихи-этнографиялық материалдарды, тарихи ескерткіштерді, ата-бабамыздың жауынгерлік жолдарының тарихын зерттеуге арналған тақырыптар бойынша жұмыстар ұйымдастыру, бастауыш сынып оқушыларына арналған ғылыми орта құру, сондай-ақ шағын зерттеу экспедицияларын, саяхаттар ұйымдастыру және өткізу;

➤ қазақтың колөнер бұйымдарының ерекшеліктерін және олардың мақсатты мазмұнды құрылымдарын түсіндірудегі тәлімдік білімдер беру;

➤ ұлттық ойын және спорт түрлерінің ерекшеліктерін түсіндіру және арнайы жарыстар өткізу.

Ұлттық тәлім-тәрбиелік рухани мұралар арқылы тәрбие үдерісінің тұтастығын білім беру мен оқытуда өзара байланыстыра отырып, оқушылардың келешегі үшін қажетті және міндетті болуға тиіс шарттар ретінде жүзеге асыру мен өзінің болашақтағы бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби қызметіндегі тәжірибесінде ұтымды етіп көрсеткен әлеуметтік-педагогикалық кешендердің (Өжелер мектебі, Аналар мектебі т.б.) қызметін ұтымды пайдаланып, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдауға ниет жасауы қажет екендігі анықталды.

Бастауыш сынып оқушыларына бағатталған тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру барысында олардың ата-аналарымен тығыз байланысты ұстай отырып, оларға балаларының өнегелік тәрбиесі мен ынта-ықыласы үшін арнайы мақтау, құрметтеу хабарламаларын жіберу бастауыш сынып оқушысы үшінде қуаныш сезімін оятып, өзіндік рухани өсуіне әсер тигізетін әдіс ретінде болатынын басшылыққа алу. Мұндай бастауыш сынып мұғалімі жағынан жасалған әрекет оқушының жеке басының тұлғалық болмысын рухани құндылықтарының қалыптасып, беки түсініне ықпалын жасайды. Бұл мектептің жетістігі болып оқушылар мен мұғалімдер қауымын біріктірудегі ұжымдық табысқа алап келеді және өздеріне тән қайталанбайтын тәрбие жүйесін құрғандығы деп санауға болады. Мұндай ұжымда дәстүрлер мен рухани жетістіктер орын алып, оқушылар мен бастауыш сынып мұғалімдері өздерінің тату бірлігінің және ынтымақтастықтарының салтанаты құрылған озық педагогикалық құрылым болып саналады.

Руханилық мәселе жайында түркі дүниесіне ортақ ойшыл, тәрбиенің құндылығы жайында пәлсафалық еңбектер қалтырған Әл-Фараби адамдар арасындағы қарым-қатынас мәселесінде руханилық қасиеттердің бар болуы - жеке адамның немесе қоғамның емес бүкіл адамзаттың бар болып, өмір сүруінің тамыры, нәр беретін өзек ретінде бағалап, адамның адам екендігін көрсететін ең жоғарғы қасиет ретінде баға берген болатын. Ол еңбектерінде адамның ойлы, парасатты болуы алған білімі мен игерген ғылымнан болса, оның өзегі тәрбие болуы керек деген мәселені негіздеп берген болатын. Бұл адамның бақытты болуының басты жолы деп түсіндіреді [22].

Қорытынды. Бастауыш сыныптың оқушыларына рухани құндылықтар арқылы тәрбие берудің және мұнда халықтық тәлім-тәрбиелік мұраларын қолданудың тиімділігіне өмірлік тәжірибелер негізінде әрі оған бағытталаып жазылған зерттеушілер жұмыстарына сүйене отырып анықтадық. Қарастырылған, талданған зерттеушілік жұмыстардың мазмұндық жүйесінен зерттеу тақырыбымызға қатысты еңбектерден ғылыми негізделген қағидаларды басшылыққа ала отырып, өз тарапымыздан оқушыларға рухани құндылықтар негізіндегі тәрбие берудің құрылымдық жүйесі мен жолдарын, қағидаларын және олардың мүмкіндіктерін сараладық. Ұлттық сана болмыста орын алған мәдениет пен тәлім-тәрбиелік мұралар оның өзегіне айналған рухани құндылықтар арқылы оқушылардың адами-ізгіліктік тәрбиесін қалыптастыруда мейірімділік, сүйіспеншілік, жанашырлық пен қамқорлық т.б. адамгершілік қасиеттерін бойына дарыту дағдылары мәселелері жайында өзіндік пікір мен қорытындылар жасадық. Мұндағы ізденістер сарапқа салынып, өз зерттеулерімізде бастауыш білім беру кезеңіне енетін оқушылар мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлайтын мамандық бағытындағы атқарылатын педагогикалық әрекеттерге жеке ой-пікірлерімізде ұлттық рухани құндылықтарды жастар бойына сіңіру жайындағы тәрбиелік мәселелерді қарастырып, қамтыдық.

Сонымен, қорыныдылай келе төмендегідей ой түйіндеуге болады.

➤ Қазіргі жаһандық дамудың заманауи түрлену үдерісі жағдайында жалпыадамзаттық құндылықтардың мазмұндық жаңаруының басымдылығын басшылыққа ала отырып, жаңаша ойлау мен адами-ізгілік негізіндегі қарым-қатынасты қалыптастыруда ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралар мен рухани құндылықтар арқылы жеке тұлғаны бағдарлы дамытуды жүзеге асыру.

➤ Бастауыш сынып оқушыларының рухани-адамгершілік тәрбиесі мәселесін психологиялық және педагогикалық ғылым заңдылықтары негізінде жүзеге асыру барысында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби іс-әрекеттік қызметке дайындауда оларға ұлттық тәрбие өзегі болып табылатын ізгілік пен адами қарым-қатынас жайындағы бала тәрбиесіндегі ұлттық педагогика жүйесіндегі білімдерін тереңдету.

➤ Ұлттық рухани-мәдени және адами-ізгіліктік құндылықтарға бағдарланған қазақтың бала тәрбиесіндегі тәлімдік құнды мұраларды жас ұрпақтың ішкі болмысындағы адами сезімдік

сипаттағы көзқарастар мен тәрбиені қалыптастырудың қайнар көзі, басты құралы ретінде басшылыққа алу қажет.

➤ Халықтық тәлім-тәрбиелік құнды мұралар арқылы руханилық бағыттағы көзқарастар мен ұстанымдарды қалыптастырудың тиімді жолдарын негіздей отырып объективтілігі мен қажеттілігі жүйеленді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тульviste П. *Культурно-историческое развитие вербального мышления. Монография. (Психологиялық зерттеулер).* Таллин, «Валгус». 1988. - 344 с.
2. Doherty C. *Cultivating good practice or best practice? Moralities for teacher education. University of Glasgow, Glasgow, United Kingdom. Education and self-developmen. Том: 13. Номер: 4. - 2018. - стр: 20-31. - ISSN: 1991-7740.*
3. Халитова И.Р. *Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне енгізу тарихы (1960-1995 жж.): п.ғ.д. ... диссертация. - Алматы, 1998. - 25-68 б.*
4. Құдайбердиев Ш. *Шығармалары (өлеңдер, дастандар, қара сөздер). – Алматы: Жазушы, 1988. - 120 б.*
5. Рысбекова Г.Е. *XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде Қазақстанда Ы. Алтынсариннің педагогикалық идеялары мен азартушылық қызметінің дамуы: п.ғ.к. автореферат. - А.: 2000. - 18 б.*
6. Байтұрсынов А. *Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991. - 463 б.*
7. Досмұхамедұлы Х. *Таңдамалы (избранное) – Алматы: Ана тілі, 1998. - 349 б.*
8. Жұмабаев М. *Педагогика. - Алматы: Рауан, 1993. - 109 б., Жұмабаев М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 1989. - 448 б.*
9. Аймауытов Ж. *Психология. - Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.*
10. Әбсеметов М.О. *XX ғасырдың басындағы тарихи-әдеби процесітегі М. Дулатұлының шығармашылығы. - Алматы, 1991. - 193 б.*
11. *Қазақтың тәлімдік ой-пікірлері антологиясы. II-том. /Құрастырушылар: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев - Алматы: Рауан, 1998. - 415 б.*
12. Қалиев С.К. *Этнопедагогиканың методологиялық негіздері // ҒПО хабаршысы. – Алматы, 1992. –14-15 б.*
13. Табылдиев Ә. *Қазақ этнопедагогикасын оқытудың әдістемесі. Алматы: Қазақ университеті, 2011. - 236 б.*
14. Ұзақбаева С.А. *Этнопедагогика: оқу-әдістемелік кешені (оқу құралы). – Алматы: Қарасай, 2019. – 320 б.*
15. Ғаббасов С. *Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі. 1-кітап және 2-кітап. - Алматы: Алматы кітап, 2012. - 232 б.*
16. Кожяхметова К.Ж., Таубаева Ш.Т., Джанузакова Ш. *Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах. – Алматы: Алжан, 2005. – 174 с.*
17. Бөлеев Қ. *Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі. Алматы: Нұрлы әлем, 2009. -160 б.*
18. Walker D.I. *Sociological contributions for researching morality and cultivating states of moral character. Journal of Moral Education. - 2020. - P 1-11.*
19. Щуркова Н.Е. *Воспитание: новый взгляд с позиции культуры. - М.: Образовательный центр «Педагогический поиск», 1997. - 78 с.*
20. Barakoska A., Jovkovska A. *Pedagogical and psychological basis of moral education. International journal of cognitive research in science, engineering and education7 Учре.: The Association for the Development of Science, Engineering and Education (Vranje): 1. №:2. - 2013. - P. 83-93.*
21. Колесникова И.А. *Теоретико-методологическая подготовка учителя к воспитательной работе в цикле педагогических дисциплин: дис. доктор педагогических наук: 13.00.01 - Общая педагогика, история педагогики и образования. Ленинград. 1991. - С.163.*
22. Әл-Фараби. *Әлеуметтік-этикалық трактаттар. - Алматы, 1975. - 382 б.*